

# ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРІГУ ҮРДІСІНДЕГІ ГОРБАЧЕВТИҢ РӨЛІ

**Ильмеева Р.Х., магистрант**

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор

**С.Б. Стамбулов,**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

XX ғасырдың екінші жартысындағы әлем тарихындағы ең үлкен оқиғалардың бірі – Германияның бірігуі болды. Германияны біріктіру кезеңіндегі Горбачевтің саясаты КСРО мүдделеріне қаншалықты қызығушылық танытты?! Осы сұрақтың аясында көптеген мәселелер талқыланды. КСРО-дағы қайта құруы барлық Шығыс Еуропа елдерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Алайда, әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс шиеленісіп, 1989 жылдың 9 қарашасында – Берлин қабырғасының құлауына әкелді. Бұл екі Германия арасындағы шекараның ашылуына алып келді. Осы сәттен бастап екі Германияны біріктіру туралы мәселе туындады.

28 қарашада Германия канцлері Коль Бундестагта "Кольдің 10 пункті" деп аталатын үкіметтік бағдарламасын жариялады, онда белгілі бір кезеңге екі Германияны сақтай отырып, конфедерацияға ұқсас мемлекетті кезең-кезеңімен құруды жоспарлады [1, 254-263].

Мәскеуде, Парижде, Лондонда, Римде, Прагада, Варшавада, Будапеште және басқа астаналарда да Кольдың 10 пунктіне наразы болды. Кольдың 10 пункті бүкіл әлемдік қауымдастықты таң қалдырды. Жоспар бойынша ГДР мен ГФР-ды қайта біріктірудің егжей-тегжейлі бағдарламасы анықталды. Алайда бұл бағдарлама қолдау көрсетілмеді кейіннен бұл бағдарламадан бас тартуға мәжбүр болды [2].

Гельмут Коль өзінің естеліктерінде: "Германияның бірігуі, Кеңес империясының жойылуымен бірге, осы ғасырдың ең үлкен оқиғасы болды, делінген. Бұл "Шығыс пен Батыс арасындағы қақтығыстың аяқталуына алып келді.

Михаил Горбачевтің саясатының маңыздылығы және оның неміс мәселесін шешуге қосқан жеке "үлесі", туралы сондай-ақ Гельмут Кольдің осы процестегі рөлі туралы көп жазылған. Өзінің кітабында белгілі неміс тарихшысы В. Масер Кольдің жеке басындағы қасиетті туралы да атап өтті: оның жетістіктеріне сенімді болды. Мәтер Кольдің "ұлтшыл" немесе "кекшіл" емес екенін, ол

Германия бірлігінің канцлері болуға "лайық екенін" жауапты мемлекет қайраткері болғанын туралы жазды [3].

1989 жылы 2-3 желтоқсанда Мальта кездесуінде КСРО мен АҚШ көшбасшылары Горбачев пен Дж. Буш. Екі неміс мемлекетінің бар екенін тарихи факт ретінде растай отырып, қолдау білдірді [4, 264].

Маршал Ахромеевтің айтуынша, Мальтадағы келіссөздердегі Дж.Буштың басты міндеттерінің бірі күн тәртібінде тұрған екі неміс мемлекетінің бірігуін және КСРО ға қатысын талқылау болды. Горбачев бұл мәселені бір жақты етуге дайын болмады, өйткені оның алған қойған жоспары болған жоқ.

ГДР үкіметінің басшысы Модров Мальтадағы кездесуде Горбачевтің ұстанымы туралы былай деп жазады: "Мальтадағы кездесуге дайындық кезінде Буш пен Кольмен кеңескен – бұл жерде неміс мәселесі туралы айтылды. Ал Горбачев, бұл кеңеске қатыспады, себебі бұл күмән тудыратын келісімге ұқсады [5, 345].

Мальтадан кейін Горбачев неміс мәселесі бойынша қатаң позиция ұстанды.

5 желтоқсанда ГФР Сыртқы істер министрі Геншер Мәскеуге келді, оған Горбачев "10пункт бойынша наразылығын білдірді"...басты келіспеушілік ГДР-дың егемендігіне қол сұғу, оның ішкі істеріне араласу болды" [6, 31].

Горбачевтың пікірінше: "бұл талаптар тәуелсіз және егемен неміс мемлекетіне қатысты қойылғанын ашық айтылуы қажет, бұл ГДР туралы болса да, бірақ канцлер айтқан барлық нәрсе бізге қатысты... Канцлердің мәлімдемесі-саяси қателік. Біз оны назардан тыс қалдыра алмаймыз... біз бір келісімге келуге дайынбыз. Егер келісіге келе алмасақ, біз саяси қорытынды жасаймыз [1, 276-279]. Горбачев осы кезеңде екі Германия мемлекетінің конфедерациясына қарсылас болды. Горбачевтың жасаған іс әрекеттері екі Германияны біріктіру процесін бәсеңдетуге бағытталған.

Геншер мен Горбачевтің кездесуінен бір күн бұрын, 4 желтоқсанда Лейпцигте демонстрация өтті оған 100-150 мың адам қатысты, онда Кольдың 10 пункті және Вайцзеккер – барлық немістердің Президенті!" атты ұрандары басым болды [7, 97].

Италия тарихшысы Дж.Боффа өзінің еңбектерінде Германияға қатысты былай деп жазады: «Француздар мен Ағылшындар Германияны біріктіру мәселесі бойынша Кеңес басшылығымен өз позицияларын біріктіруге тырысты, Алайда ол ешқандай нәтиже бермеді [8,194].

Алдағы уақыттарда Горбачев екі неміс мемлекетінің болуы Еуропа континентіндегі тұрақтылықты сақтау үшін қажет деген тезисті қорғауды жалғастырды. 1989 жылы 9 желтоқсанда КОКП ОК Пленумындағы баяндамасында ол былай деді: "ГДР-біздің стратегиялық одақтасымыз және Варшава пактінің мүшесі екенін барынша ашып айтамыз. Соғыстан кейін қалыптасқан шындық ол екі егемен Германия мемлекетінің, БҰҰ мүшелеріне кіріуі тиіс. Бұл идеядан бас тарту: Еуропаны тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін» [9].

Ресейлік зерттеушілер 1989 жылдың соңына дейін кеңес басшылығында неміс мәселесі бойынша нақты әзірленген жоспары жоқ деген қорытындыға келді. Зерттеуші В.И Дашичев неміс мәселесі бойынша былай деп жазады: Алғашқыда неміс мәселесін алға тартуға «Горбачев те, билеуші саясат та, элита да, кеңес қоғамына дайын болмады» [10, 119]. Бұл жағдай кеңес басшылығының неміс мәселесіне қатысты нақты жоспары болмағанын көрсетеді. Алдағы уақыттарды ГДР-ның саяси экономикалық жағдайы нашарлай берді. Желтоқсан айында ГДР азаматтары үшін саяси бетбұрыс болды. 1989 жылдың желтоқсанын айының ортасына дейін ГФР мен ГДР басшылары бірігу ұзақ уақытты қамтуы мүмкін деген болжам жасады.

Кеңес басшылығы неміс мәселесі бойынша жаңа бағытты ұсынды. Бұл 1990 жылдың 26 қаңтарында КОКП ОК шақырылған Горбачевтің басшылығымен өткен шағын жиналыста талқыланды. Горбачевтың жаңа бағытының мәні: Германияның біріктіру мәселесін басты міндетке айналғанын көрсетті.

Горбачевтің позициясындағы бетбұрыс тіпті ГДР-да жұмыс істеген Кеңес дипломаттарын таң қалдырды. И. Ф. Максимычев өзінің күнделігінде былай деп жазды: "Михаил Сергеевич Горбачевтің Германия мәселесі бойынша өзгеріс енгізетінің күтпеген еді, өйткені ол соңғы уақытқа дейін екі неміс мемлекетінің бірігуі туралы естігісі де келмеді...

Жаңа бағытты ұсынған Горбачев кеңес шешімі бойынша бір қорытындыға келді:

КСРО ұсынысымен "алтылық" конференциясын өткізу, яғни төрт жеңімпаз державаны (КСРО, АҚШ, Англия, Франция) және екі неміс мемлекеті қатыстыру көзделді. Париж бен Лондонмен тығыз байланыс орнатуды қажет етті. Маршал Ахромеевке ГДР-дан әскерлерді шығару мәселесі тапсырылды" [11].

1990 жылы 7 наурызда «Правда» газетінде Горбачевтың Германияны біріктіру мәселесіне байланысты сұхаты жарияланды.

Кеңес Одағының тарапынан Біріккен Германияның НАТО-ға кіруіне жол бере алмайтынын ашық айтты.

Сонымен қатар ГДР орын алған оқиғалар КСРО позициясын нығайтпады керісінші әлсіретуге алып келді. 1990 жылы 18 наурызда ГДР-да жалпыхалықтық сайлау өтті. Көшлік ГФР-дың саясаткерлері ГДР-да орнықты. Оған канцлер Коль да белсене қатысты. Сайлау алдындағы күреске 20 млн неміс маркалары жұмсалды. «Германия Альянсы» оппозициялық партия блогы үлкен жеңіске жетті. Осылайша шығыс немістері Германияны біріктіруге және социализмге қарсы дауыс берді. ГДР-дағы оппозициялық күштердің билікке келуі 1990 жылы 18 мамырда валюталық, экономикалық және әлеуметтік одақ құру туралы алғашқы өзара келісім жасауға жол ашты. Оның преамбуласында ГДР-ға нарықтық экономиканы кіргізу жайлы жазылды. Батыс Германия маркасын енгізу нәтижесінде, ГДР егемендігінің едәуір бөлігін жоғалтты. ГДР-дың ГФР-ға бірігуі процессі жылдамдады. 1990 мамырда АҚШ, ГФР және Англия біріктіру мәселесі бойынша өз ұстанымдарын білдірді, Германияның НАТО кіруін жақтады. АҚШ НАТО-да Германияның болмауы ұйымның ыдырауына алып келуі мүмкін деп сескенді. Горбачев пен Ұлыбритания сыртқы істер министрі Хэрд пен кездесуінде Хэрд: Германия НАТО-дан шықса бұл одақтың ыдырауына алып келуі мүмкін деп сендірді. Буш неміс мәселесі бойынша Біріккен Германияның НАТО-ға мүшелігіне өтуін қолдайтынын ашық айтты. НАТО-тұрақтылық тірегі екеніне сендірді. Горбачев Америка президентінің көзқарасымен келісті. Ендігі кезекте Германия канцлері Коль кеңес басшылығының тарапынан осындай маңызды келісімінен кейін КСРО мен бірігу мәселесін біржақты етуге тырысты. Горбачев Вашингтон келісімінен кейінде өзінің позициясын сақтап қалуға мүмкіндігі болды. Бірақ КСРО-дағы американдық елші Дж.Мэтлок былай деп жазады; Горбачев бұл келісімнен бас тарта алар еді.

1990 жылы 12 қыркүйекте алты мемлекеттің Сыртқы істер министірлері Герман мәселесіне байланысты шешуші маңызды құжатқа қол қойылды. 3 қазанда ГФР мен ГДР арасында екінші маңызды құжатқа қол қойды. ГДР халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтатты. Германияның біріктіру мәселесін шешу барысында Горбачев үлкен қателіктерге жол берді. Біріккен Германияның бейтараптық позициясына қол жеткізіп, НАТО-ның Еуропадағы ықпалын жоғалтуға мүмкіндік алаған еді. Алайда, Горбачев берілген тарихи мүмкіндікті пайдалана алмады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Михаил Горбачев и германский вопрос. Документы. – М., 2006.
- 2 Правда. – 1989, 30 ноябрь
- 3 «Русская Германия» План объединения Германии: история вопроса [ЭР]. Режим доступа: // [http://www.rg-rb.de/index.php?id=16941&option=pcom\\_rg&task=item](http://www.rg-rb.de/index.php?id=16941&option=pcom_rg&task=item)
- 4 Отвечая на вызов времени. Внешняя политика перестройки: документальные свидетельства. – М., 2000.
- 5 Модров Х. Я хотел жить в новой Германии. – М., 2000.
- 6 Черняев А.С. Объединение Германии. Политические механизмы и психологические стереотипы // Свободная мысль. – 1997. – № 8.
- 7 Максимычев И.Ф. Крушение. Реквием по ГДР. – М., 1993.
- 8 Боффа Дж. От СССР к России. История неоконченного кризиса / Пер. с ит. – М., 1996.
- 9 Правда. – 1989, 10 декабря.
- 10 Дашичев В.И. Единая Германия в единой Европе // Свободная мысль. – 1999. – № 7.
- 11 Горбачев М.С. Жизнь и реформы. Т. 2. – М., 1995.

### СУ РЕСУРСТАРЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

**Кенжеғали Ж.М.**, PhD, қауымдастырылған профессор,  
**Сарбасова М. Қ**, магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

Әлемнің тарихи және әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік ерекшелігі бар өңір болып табылатын Орталық Азия елдері өзін-өзі анықтаудың күрделі жолынан өтті. Бүгінгі таңда бұл елдерде Кеңес өкіметінің табиғи-тарихи саясатынан мұра болған ұқсас экологиялық проблемалар бар. Экологиялық жағдай өңір елдерінің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді. Арал теңізінің дағдарысы және оның салдары – Орталық Азия мен оның елдерінің ортақ проблемасы біртұтас экологиялық кеңістікте. Елдердің интеграциясын жеделдету-экологиялық проблемаларды шешудің жалғыз перспективалы жолы. Өңір елдерінің